22737340465

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2025 жылғы 16 шілде № 5165-25-00-2/1112 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Д.А.Бейсембекова,
сот отырысының хатшысы Б.Ғ.Бақытжанның қатысуымен
ашық сот отырысында аудио-, бейнежазба құралдарын, «WhatsApp» мессенджерін пайдаланып қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Максим-Горький орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мекеме» коммуналдық мемлеткеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
«Nova Food» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫ ТАРАПЫНДАҒЫ ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:**
Павлодар облысының әкімдігі «Павлодар облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі
«Лаукар» шаруа қожалығы

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

**СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:**
талап қоюшы өкілдері Р.Саржанов, Ж.Есмуханбетова
үшінші тұлға өкілі С.Қ.Дарим

**<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>**

«Павлодар облысының мемлекеттік сатып алулар басқармасы» мемлекеттік мекемесімен (әрі қарай - Басқарма) тапсырыс беруші – Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Максим-Горький орман және

жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мекеме» коммуналдық мемлеткеттік мекемесінің (әрі қарай – талап қоюшы, тапсырыс беруші) өтінімі негізінде № 13658294-1 (лот № 75714761-ОК1) отырғызу материалдарын сатып алу конкурсын (әрі қарай- конкурс) ұйымдастырылып, өткізілген.

Конкурстың жалпы сомасы 214 757 261,60 теңгені құрады.

Аталған конкурс бойынша 2025 жылғы 3 ақпандағы № 13658294-ОК1 қорытынды хаттамаға сәйкес жеңімпаз ретінде «Nova Food» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай – өнім беруші, Серіктестік) танылды.

2025 жылғы 13 ақпандағы Павлодар облысы прокуратурасының 2025 жылғы 12 ақпандағы № 2-13-25-00022 заң бұзушылықтарды жою туралы ұсынуына (әрі қарай - ұсыну) сәйкес аталған сатып алудың күші жойылды.

Сонымен қатар, ұсынуда өнім берушінің конкурсқа тапсырған құжаттарына зерделеу жасау нәтижесі бойынша жауапкер анық емес ақпарат ұсынғаны үшін оған қатысты шара қабылдау жөнінде көзделген.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда, жауапкерді конкурсқа құжаттар бойынша анық емес ақпарат бергені үшін, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Жауапкер талап қоюға келтірген қарсы пікірінде талап қоюмен келіспей ұсынуда «Лаукар» шаруа қожалығы мен жауапкер арасында алдын ала келісімшарттық қатынастар болған жоқ деп, жалған ақпарат берілген деп, көшет өндіруге арналған питомниктер жоқ екенін ескерсек, белгіленген мерзімде тауарларды жеткізуді бұзу қаупі бар деп көрсетілген. Яғни болжамалы түрде негізсіз. Сонымен қатар аталған талап арызды қанағттандырусыз қалдыруға жататын тағы бір негіз ол, 2024 жылғы 2 наурыздағы № 14093104 хаттамасы ұсыну шеңберінде күші жойылғанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұраған.

Үшінші тұлға Басқарма сотқа келтірген пікірінде ұсынуда өнім беруші анық емес ақпарат ұсынғаны үшін оған қатысты шара қабылдау жөнінде көзделгенін, іс бойынша шешім шығаруды сот құзырына қалдыратынын көрсеткен.

Үшінші тұлға «Лаукар» шаруа қожалығының өкілі сот отырысының болатын орны мен уақыты туралы тиісті тұрде хабарлана тұра келмеді, талап қоюға пікірін ұсынбады.

Талап қоюшы өкілдері Р.Саржанов, Ж.Есмуханбетова талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Үшінші тұлға өкілі С.Қ.Дарим іс бойынша шешім шығаруды сот құзырына қалдыратынын.

Сот істі Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 196-бабына сәйкес жауапкердің қатысуынсыз қарады.

**<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>**

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 23.07.2025

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 2-бабының 1) тармақшасында анық емес ақпарат – әлеуетті өнім берушінің конкурсқа (аукционға) қатысуға арналған өтінімінде қамтылған, сол сияқты әлеуетті өнім берушінің берілген өтінімінің шынайы мазмұнын бұрмалайтын және шындығына сәйкес келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер екені көрсетілген.

Заңның 11-бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша беретін ақпараттың анықтығын уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында, оның ішінде тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы ұсынған мәліметтер мен құжаттар негізінде анықтауы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысының 9-тармағына сай Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат беру фактісі анықталған кезде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылады.

Соттар осы фактіні біліктілік талаптары бойынша құжатты (құжаттарды) ұсынбаудан не тиісті түрде рәсімделмеген құжатты (құжаттарды) ұсынудан айыра білулері қажет, бұл Заңның 10-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім берушіні біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп тануға негіз болып табылады.

Конкурс бойынша техникалық ерекшелікке сәйкес отырғызу материалына қойылатын талаптар: тұқым «Тегіс Қарағаш»; 1 жастан кем емес және 3 жастан аспайтын жас; сабақтың биіктігі 10 см-ден кем емес және 25 см-ден аспайды; тамыр мойнындағы сабақтың қалыңдығы кемінде 3,5 мм; тамыр жүйесінің ұзындығы кемінде 20 см және 30 см-ден аспайды.

Басқа талаптар: отырғызу материалына паспорттың болуы, отырғызу материалына карантиндік сертификат. Осы санаттағы құжаттарға белгіленген талаптарды көрсете отырып, отырғызу материалын босатуға арналған жүкқұжат. Сатып алынған отырғызу материалы ормандарды молықтыру және орман өсіру үшін тұқымдарды және отырғызу материалын пайдалану, орнын ауыстыру қағидаларына сәйкес келуі тиіс. Өнім беруші конкурстық құжаттамада ормандарды молықтыру және орман өсіру үшін тұқымдар мен

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 23.07.2025

отырғызу материалдарын пайдалану, орнын ауыстыру қағидаларына сәйкес паспортты ұсынуға тиіс.

Басқарма «Тегіс қарағаш» тұқымының көшеттерін сатып алу үшін конкурс өткізген кезде әлеуетті өнім беруші жауапкер 2 479 876 дана мөлшерінде көрсетілген көшеттерді қамтамасыз ете алады деген ақпарат бергені анықталды, мұнда өндіруші «Лаукар» шаруа қожалық («Борисенко Е.В.», мекенжайы: Абай облысы, Семей қ., Боровая к., 24 2 «А»), сондай-ақ осы шаруа қожалығынан 2024 жылғы 26 сәуірдегі № 20 отырғызу материалына арналған төлқұжат қоса берді.

Осылайша конкурсқа қатысуға келіп түскен құжаттар негізінде Жауапкердің техникалық ерекшелігі қажетті сипаттамаға толығымен сәйкес келіп, жауапкердің өтінімін комиссия мүшелері қабылдап конкурсқа қатысуға лайық болып, байқау комиссиясының шешімімен жауапкер конкурс жеңімпазы деп танылды.

Алайда, тексеру барысыныда «Лаукар» шаруа қожалығының ақпаратына сәйкес, оларда «Тегіс қарағаш» тұқымының көшеттері, ал жауапкермен ұсынылған 2024 жылғы 26 сәуірдегі № 20 отырғызу материалына арналған төлқұжат өзге тұлға дара кәсіпкер «Агалбекова Г.Т.»-ға 500 дана «Кішкентай жапырақты қарағаш» отырғызу материалына берілген.

Үшінші тұлға «Лаукар» шаруа қожалығы мен жауапкердің арасында алдын ала келісімшарттық қатынастар болмағаны анықталды.

Демек, жауапкер конкурстық құжаттамаға берілген көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезіндегі біліктілік және конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттар туралы мәліметтерінде анық емес ақпарат ұсынған.

АПК-нің 72-бабына сәйкес жауапкер талап қоюшының уәждерін жоққа шығаратын, ал өзінің уәждерін растайтын объективті дәлелдемелерін сотқа ұсынбады.

АПК-нің 73-бабына сәйкес тараптардың қолында бар дәлелдемелерді сотқа ұсынбау осы дәлелдемелерді апелляциялық, кассациялық сатылардағы сотқа ұсыну мүмкіндігін болдырмайды.

Сондықтан, тапсырыс берушінің өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы негізді болып табылады.

Істің мұндай тұрғысында, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

**<u>ҚАРАР БӨЛІГІ</u>:**

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 23.07.2025

## ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Максим-Горький орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мекеме» коммуналдық мемлеткеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Nova Food» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Nova Food» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына мемлекеттік баж 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Шешімге, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурормен өтінішхат берілуі (келтірілуі) мүмкін.

**Судья** **Д.А.Бейсембекова**

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 23.07.2025

5165-25-3-1/1009